

Мемлекеттік өкімет және басқару органдарының, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар басшыларының мемлекеттік емес нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілермен өзара қарым-қатынасын тәртіпке келтіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Өкімі 1995 жылғы 6 маусым N 210-ө

Мемлекеттік өкімет және басқару органдарының, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар басшыларының мемлекеттік емес меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілермен өзара қарым- қатынасын тәртіпке келтіру мақсатында;

1. Министрлер, мемлекеттік комитеттердің төрағалары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері "Қазақ ССР-інде кәсіпкерлікті және шаруашылық қызметінің еркіндігін дамыту туралы" Қазақ ССР Заңының мемлекеттік өкімет және басқару органдары басшыларының көрсетілген органдарда жұмыс істеген кезінде кәсіпкерлікпен шұғылдануына тыйым салу бөлігіндегі 8-тармағындағы талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының келісімінсіз мемлекеттік кәсіпорындардың делдалдық және коммерциялық қызмет жүргізетін құрылымдарға қатысуына және құруға жол берілмейді деп саналсын.

Аталған тұрпаттағы кәсіпорындарға қазіргі кезде мемлекеттік басқару органдары құрылтайшы және қатысушы болып табылатын кәсіпорындар мен ұйымдар берілген және уақытша пайдалануға ұсынылған мүлікті қайтарып, бұл құрылымдардың құрамынан шығатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

үйлер, ғимараттар, құрал-жабдықтар түрінде салынатын салымдардың есепке алынуын және олардың одан әрі пайдаланылуын қамтамасыз етсін:

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, комитеттің және оның жергілікті органдарының келісімінсіз жасаған-мүлікті жалға алу шарттарын, белгіленген тәртіппен бұзсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті осы өкімнің орындалу барысына бақылау жасасын.

Осы өкімнің орындалуына жеке жауапкершілік Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасына /Қалмырзав С.С./ жүктелсін.

Орындалуы жөнінде үстіміздегі жылдың 1 шілдесінде, 1 тамызында мәлімдесін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК